

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

D071 Мемлекеттік және жергілікті басқару білім беру бағдарламасының бейіні бойынша эссе тақырыптары мен емтихан сұрақтары

Эссе тақырыптары мен емтихан сұрақтары Университеттің Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінде бекітілді. №10 хаттама, 22.05.2025ж.

Эссе тақырыптары

1. Орталықтандыру, орталықсыздандыру және мемлекеттік басқару теориялары
2. Мемлекеттік басқаудағы кәсібилік және этика
3. Мемлекеттік қызметтегі кадр резервін қалыптастырудың маңыздылығы
4. Мемлекеттік қызметшілердің заманауи құзыреттіліктерін дамытудағы стратегиялар
5. Азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара қатынасы: Саяси-философиялық эволюциясы және қазіргі теориялық модельдер
6. Батыс және посткеңестік елдердегі бюрократиялық мәдениет: құрылымдық айырмашылықтар
7. Саяси ғылым ретінде мемлекеттік басқару теориясының қалыптасуы
8. Жаңа мемлекеттік менеджмент және басқарудың жаңа тәсілі «Governance» тұжырымдамалары
9. Реттеу саясатының эволюциясы: Жаңа институционализмнен жаңа басқаруға дейінгі парадигмалық ауысым
10. Қазақстандағы реттеу саясаты: жаңа институционализм мен жаңа басқару көзқарастарының тоғысы
11. Public-Private Partnership (PPP) моделі аясында әлеуметтік қызмет көрсетуді басқару: тиімділік, тәуекелдер және регуляторлық механизмдер
12. Қоғамдық құндылықтарды қалыптастырудағы әлеуметтік ұйымдардың рөлі және оларды мемлекеттік реттеудің демократиялық аспектілері
13. Әлеуметтік саясаттың трансформациясы: классикалық модельдерден инклюзивті және бағытталған саясатқа өту
14. Әлеуметтік саясат және қоғамдық құндылықтар: мемлекеттік басқару жүйесінде легитимдік пен сенімділік факторы ретінде
15. Цифрлық трансформация және мемлекеттік басқарудың жаңа парадигмасы: тиімділік, ашықтық және деректерге негізделген шешімдер
16. Smart Governance тұжырымдамасы аясында цифрлық шешімдерді енгізудің теориялық және практикалық негіздері
17. Қазақстандағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің институционалдық эволюциясы: құқықтық негіз, басқару тәжірибесі және реформалар тиімділігі
18. Әкімшілік мемлекет және қазіргі басқару жүйелері: Вальдо тұжырымдамасының өзектілігі
19. Мемлекеттік саясатты бағалаудағы сапалық және сандық әдістер: аралас тәсілдердің артықшылықтары мен шектеулері
20. Тұрақты даму мақсаттарына жетуде мемлекеттік басқаруда инновацияларды енгізу.

Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары

1 Блок

1. Мемлекеттік сектордағы тұлғаның басқарушылық рөлдерін сипаттаңыз.
2. Басқарудың классикалық теорияларына сипаттама беріңіз.
3. Мемлекеттік сектордағы адам ресурстарын басқарудың заманауи тәсілдері мен тұжырымдамаларын сипаттаңыз.

4. Вебердің бюрократиялық көзқарасы бойынша билік жіктелуін сипаттаңыз.
5. Жергілікті басқару түсінігін сипаттаңыз.
6. Орталықтандырылған басқарудың пайдасы мен зиянын атап өтіңіз.
7. Орталықсыздандырылған басқарудың пайдасы мен зиянын атап өтіңіз.
8. Мемлекеттік басқарудағы заң шығарушы органның ролін сипаттаңыз.
9. Ұйымның адам ресурстарын басқару жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуді сипаттаңыз: кадрлармен қамтамасыз ету; ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету; құқықтық және құжаттамалық қамтамасыз ету.
10. «Жаңа мемлекеттік басқару» түсінігін сипаттаңыз.
11. Мемлекеттік органдардағы адам ресурстарын стратегиялық басқару жүйесін сипаттаңыз.
12. Мемлекеттің элементтерін сипаттаңыз.
13. Ұйымның адам ресурстарына қажеттілігін болжау мен жоспарлауды сипаттаңыз.
14. Мемлекеттік сектордағы персоналды бағалау әдістерін сипаттаңыз.
15. Мемлекеттік сектордағы қызметкерлердің мансаптық және жоғарылауын жоспарлауды сипаттаңыз.
16. Мемлекеттік саясатты зерттейтін әдістерді түсіндіріңіз.
17. Мемлекеттік басқару нысандарын түсіндіріңіз.
18. Басқарудың демократиялық және авторитарлық стильдерін сипаттаңыз.
19. Ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің негізгі қағидаттарын тізбектеңіз.
20. Мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау қағидаларын түсіндіріңіз.
21. «Меритократия» ұғымының мәнін түсіндіріңіз.
22. Қазақстанның саяси жүйесінің түрін анықтаңыз.
23. Мемлекеттік басқарудың түрлері мен функцияларын түсіндіріңіз.
24. Құқықтық реттеудің мазмұнын ашыңыз.
25. Мемлекеттік саясатты қалыптастырудың негіздерін сипаттаңыз.
26. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудитті жүзеге асыру тұжырымдамасының негізгі міндеттерін көрсетіңіз.
27. Әлеуметтік саясат мәні мен бағыттары, модельдерін айқындаңыз.
28. Әлеуметтік қорғаудың түсінігі, құрылымы, қағидалары мен қызметін айқындаңыз.
29. Әлеуметтік қызметті дамыту мен ұйымдастыруды түсіндіріңіз айқындаңыз.
30. Әлеуметтік қызмет, әлеуметтік саясат анықтамасының мәнін көрсетіңіз
31. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік саясат принциптерін талқылаңыз.
32. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын құқықтық, экономикалық және әлеуметтік жағынан қорғаудың негіздерін жасаңыз.
33. Мемлекеттік басқару мен әлеуметтік әл-ауқаттың мақсаты мен маңыздылығын айқындаңыз.
34. Ең төмен әлеуметтік стандарттар және адамдардың әлеуметтік саладағы құқықтарын көрсетіңіз.
35. Кедейшілік өлшемін айқындау әдістерін сипаттаңыз.
36. Қазақстандағы әлеуметтік стандарт және әлеуметтік кепілдіктері талдаңыз.
37. Жаңа әлеуметтік үлгіні қалыптастырудағы әлеуметтік қызметкерлердің ролін анықтаңыз.
38. Адам ресурстарын басқарудың функцияларын сипаттап көрсетіңіз.
39. Мемлекеттік органдарда адам ресурстарын басқару мәселелерін сипаттап көрсетіңіз.
40. Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияны түсіндіріңіз.
41. Мемлекеттік саясатты іске асырудағы әлеуметтік бақылаудың ролі мен маңызын ашып көрсетіңіз.
42. Әлеуметтік саясат ұғымын сипаттаңыз.
43. Халықты әлеуметтік қорғаудың шетелдік модельдерін түсіндіріңіз.
44. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын сипаттаңыз.

45. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатының бағыттарын түсіндіріңіз.
46. Қалалық және ауылдық жерлердегі әлеуметтік теңсіздік деңгейін теңестіру үшін басқарушылық тетіктерді түсіндіріңіз.
47. Әлеуметтік теңсіздік пен тұрақты даму мақсаттарының өзара байланысын сипаттаңыз.
48. Білім беру мен денсаулық сақтау салаларындағы теңсіздікті жоюда мемлекеттік реттеу механизмдерін түсіндіріңіз.
49. Қазақстанда әлеуметтік әлсіз топтардың құқықтарын қорғауда мемлекеттік басқару жүйесін сипаттаңыз.
50. Әлеуметтік саясат пен экономикалық тұрақтылықтың өзара байланысын ашып көрсетіңіз.

2 Блок

1. Мемлекеттік басқару мен мемлекеттік саясаттың арақатынасына тоқталып өтіңіз.
2. Әкімшілік реформалардың түрлеріне тоқталып өтіңіз.
3. Мемлекеттік саясаттың түрлеріне тоқталып өтіңіз.
4. Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың өңірлік ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
5. «Саясатты талдау» мен «саясатты бағалаудың» айырмашылығына тоқталып өтіңіз.
6. Мемлекеттік басқарудың мәнін және маңызын сипаттаңыз.
7. Мотивациялық процесті құрудың негізгі принциптеріне тоқталып өтіңіз.
8. Мемлекеттік сектордағы қызметкерлерді ынталандыру мен мотивацияға талдау жасаңыз.
9. Мемлекеттік сектордағы іскерлік қатынастардың этикалық мәселелеріне тоқталыңыз.
10. Адам ресурстарын басқару саласындағы стратегиялық және операциялық жоспарлаудың мысалын келтіріңіз.
11. «Электрондық үкіметтің» даму кезеңдерін түсіндіріңіз.
12. Мемлекеттік аймақтық саясат және өкілеттіліктерді шектеуді көрсетіңіз.
13. Мемлекеттік басқаруды мемлекеттік биліктің қызмет ету механизмі ретінде сипаттаңыз.
14. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің мәнін сипаттаңыз.
15. Мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау жүйесін жетілдіру механизмдерін сипаттаңыз.
16. Жаңа мемлекеттік менеджмент моделін енгізудің негізгі құралдарын сипаттаңыз.
17. Дәстүрлі мемлекеттік басқару моделі мен Жаңа мемлекеттік менеджмент арасындағы ерекшеліктерді салыстырмалы түрде көрсетіңіз.
18. Бюджеттік процестің негізі ретінде бюджеттік жоспарлаудың мәні мен мазмұнын сипаттаңыз.
19. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау тәсілдерін түсіндіріңіз.
20. Мемлекеттік басқару саласындағы инновациялық реформаларға тоқталып өтіңіз.
21. Бюрократияның теориялық негіздерін сипаттаңыз.
22. Мемлекеттік қызметтің мәнін және негізгі мәселелерін ашыңыз.
23. Мемлекеттік саясатты жүзеге асыру механизмін түсіндіріңіз.
24. Мемлекеттік басқару тиімділігінің критерийлерін мысалдармен көрсетіңіз.
25. Мемлекеттік басқару тиімділігін арттыру факторларын сипаттаңыз.
26. Мемлекеттік басқарудың қазіргі тұрыжымдамаларын сипаттаңыз.
27. Рационалды және қоғамдық таңдау теорияларын сипаттаңыз.
28. АҚШ пен Батыс Еуропада халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің пайда болу ерекшеліктерін көрсетіңіз.
29. Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптерін жіктеп көрсетіңіз.
30. Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негіздерін сипаттап көрсетіңіз.
31. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру бағыттарын айқындаңыз.
32. Мемлекеттік басқару органдарының құрылымы мен жүйесін талдап, баға беріңіз.
33. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік саясат принциптерін топтастырыңыз.

34. Қаржы, несие және сақтандыру салаларындағы мемлекеттік басқару ерекшеліктері мен рөлін айқындаңыз.
35. Мемлекеттік саясат нәтижелерін талдау әдістемесі және оларды бағалауды сипаттап көрсетіңіз.
36. Саяси ғылым ретінде мемлекеттік басқару теорияларына тоқталыңыз.
37. Вальдоның «Әкімшілік мемлекет» тұжырымдамасын сипаттаңыз.
38. Мемлекеттік саясатты әзірлеу кезеңдерін және ерекшеліктерін сипаттаңыз.
39. Мемлекеттік саясатты қалыптастыруда ғылыми дәлелдер мен деректерге сүйенудің маңызын ашып көрсетіңіз.
40. Қазақстандағы мемлекеттік саясатты әзірлеу мен іске асыру процесінде азаматтық қоғамның орнын түсіндіріңіз.
41. Мемлекеттік саясатты бағалау (evaluation) мен мониторинг жүргізудің маңызы мен әдістерін сипаттаңыз.
42. Классикалық және қазіргі заманғы мемлекеттік басқару теорияларының айырмашылықтарын түсіндіріңіз.
43. Қоғамдық құндылықтар теориясы (Public Value Theory) мен оның қазіргі басқару жүйесіндегі орнын сипаттаңыз.
44. Дәстүрлі мемлекеттік басқару мен желілік (network governance) басқару модельдерінің ерекшеліктерін түсіндіріңіз.
45. Жаңа мемлекеттік менеджмент (NPM) тұжырымдамасының мемлекеттік басқару жүйесіне әсерін сипаттаңыз.
46. Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыру үшін қажетті құқықтық және институционалдық өзгерістерді түсіндіріңіз.
47. Халықтың жергілікті шешімдерге қатысуын арттырудағы тиімті тетіктерді түсіндіріңіз.
48. Қазақстандағы «электрондық үкімет» (e-Gov) жүйесінің дамуы және оның мемлекеттік қызмет көрсетуге әсерін сипаттаңыз.
49. Жергілікті мемлекеттік басқару саласын құқықтық реттеу мен оның даму бағыттарын сипаттаңыз.
50. Азаматтық қоғам ұғымы мен оның негізгі белгілерін түсіндіріңіз.

3 Блок

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің либералдық және неолибералдық үлгілерін салыстыра отырып талдаңыз..
2. Платон мен Аристотельдің саяси философия туралы түсініктерін салыстыра отырып талдаңыз.
3. Жергілікті өзін-өзі басқарудың Еуропалық Хартиясы және Қазақстандағы жағдайды талдаңыз.
4. Экономиканы мемлекеттік басқарудың әдістері мен формаларын ашыңыз.
5. Мемлекеттік басқарудағы жаңа көзқарастарды талдаңыз.
6. 21 ғасырда мемлекеттік басқару алдында тұрған негізгі міндеттер мен қиындықтарды түсіндіріңіз.
7. Қазақстанда жүзеге асырылған негізгі мемлекеттік басқару реформаларын талдаңыз.
8. Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігінің негізі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты және көлеңкелі экономиканы бақылауды талдаңыз.
9. Әлеуметтік теңсіздікті шешудегі мемлекеттік басқарудың рөлін талдаңыз.
10. Мемлекеттік басқарудағы әртүрлілік пен инклюзияның маңыздылығын талдаңыз.
11. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделінің тұжырымдамасын кеңейту
12. «Тұрақты даму» тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасында тұрақты даму тұжырымдамасын іске асыру мәселелерін талдаңыз.
13. Мемлекеттік саясат шешімдеріне азаматтық қоғамның қатысуының маңыздылығын мысалдар арқылы талдаңыз

14. Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың тұжырымдамасын талдаңыз.
15. Азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысуы, кері байланыс және мүдделерін қорғау құралдарын талдаңыз.
16. Мемлекеттік және жергілікті басқарудың тұжырымдамалары мен үлгілерін ашып көрсетіңіз.
17. Әртүрлі негіздер бойынша мемлекеттің түрлерін көрсетіңіз және олардың негізгі сипаттамаларын ашыңыз.
18. Мемлекеттік саясатты дамытудың қолданыстағы үлгілерін талқылаңыз.
19. Қазақстан Республикасындағы мақсатты бағдарламаларды және олардың орындалуын талдаңыз.
20. Мемлекеттік басқарудың әлеуметтік тиімділігінің мазмұнын мысалдармен ашып көрсетіңіз.
21. Қазақстандағы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру процесінің негізгі кезеңдері мен нәтижелерін талдаңыз.
22. Мемлекеттің экономикаға араласуы: классикалық, кейнсиандық және қазіргі теориялар тұрғысынан бағалаңыз.
23. Экономиканы мемлекеттік басқару жүйесіне «Қазақстан-2030», «Қазақстан-2050» және басқа стратегиялық құжаттардың әсерін талдаңыз.
24. Халықты мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғаудың құқықтық базасы, халықаралық және отандық заңдар мен заң актілеріне мысал келтіре отырып ашыңыз.
25. Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің теориялық негіздерін сипаттап көрсетіңіз.
26. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі әлеуметтік саясатты жүзеге асыру жолдарын талқылаңыз.
27. Үшбұрыштық қатынас моделін: үкімет, бизнес және азаматтық қоғамды сипаттап көрсетіңіз.
28. Тұрақты даму жағдайында адам ресурстарын басқару ерекшеліктерін дәлелдеп көрсетіңіз.
29. Мемлекеттік қызметте адам ресурстарын басқарудың ерекшеліктерін айқындаңыз.
30. Қазақстанның Әлеуметтік кодексін сипаттап көрсетіңіз.
31. Саясатты талдауды, таңдауды, бағалауды және жүзеге асыруды талқылаңыз.
32. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуда халықтың қоғамдық белсенділігі мен азаматтық қатысу деңгейінің рөлін талдаңыз.
33. Қазақстандағы әлеуметтік салада жүзеге асырылған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының нәтижелілігін және әсерін талдаңыз.
34. Мемлекеттік басқарудың классикалық және заманауи теориялары арасындағы негізгі айырмашылықтарын және қазіргі басқару практикасына әсерін бағалаңыз.
35. Қазақстандағы мемлекеттік басқару реформаларының негізделген теориялық модельдерді көрсетіңіз.
36. Мемлекеттік басқару теорияларындағы «қоғамдық мүдде» ұғымының дамуын және бұл түсініктің саяси шешім қабылдау процесіне әсерін көрсетіңіз.
37. Мемлекеттік саясатты қалыптастыру үдерісінде күн тәртібін анықтаудың (agenda-setting) негізгі саяси және институционалдық факторларының рөлін көрсетіңіз.
38. Policy cycle үлгісінде қай кезеңде саяси ықпал мен қоғамдық пікірдің әсері ең жоғары деңгейде болатындығын сипаттап көрсетіңіз.
39. Жоспарлы экономикадан нарықтық жүйеге өткен посткеңестік мемлекеттердің мемлекеттік басқару моделінің эволюциясын талдаңыз.
40. Экономиканы басқарудағы неолибералдық реформалардың жаһандық және аймақтық деңгейдегі ықпалын дәлелдермен көрсетіңіз.
41. Экономиканы басқару тарихындағы дағдарыс кезеңдері (мысалы, Ұлы депрессия, 2008 дағдарысы) кезіндегі мемлекеттік араласу механизмдерін салыстырып көрсетіңіз.
42. Мемлекеттік және жеке сектордағы кадрлық басқару жүйелерінің негізгі айырмашылықтарын салыстырыңыз.

43. Мемлекеттік қызметкерлерді бағалау және ынталандыру механизмдерінің тиімділігіне әсер ететін факторларды талдаңыз.
44. Стратегиялық құжаттарда көрсетілген мақсаттардың орындалуын бағалау үшін қолданылатын индикаторлар жүйесін талдаңыз.
45. Азаматтық қоғам институттарының қалыптасуына ықпал ететін саяси және құқықтық факторларды талдаңыз.
46. Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың даму динамикасын ТМД елдерімен салыстырыңыз.
47. Макс Вебердің бюрократия теориясын қазіргі мемлекеттік басқару жүйесімен салыстырыңыз.
48. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиялардың халықаралық тәжірибемен салыстырғанда Қазақстандағы ерекшеліктерін бағалаңыз.
49. Қазақстандағы әлеуметтік қорғау жүйесінің құрылымын және негізгі элементтерін талдаңыз.
50. Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету механизмдерін талдаңыз.